

Ұлы Жеңістің 70
жылдығы қарсаңында
2-бет



Ақылы қоғамдық
жұмыстар туралы
3-бет



Пай-пай, қазақтың
келіндері-ай!
4-бет



Арай

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 16 (7803)
Жұма,
27 ақпан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС



МЕРЕЙТОЙ - МЕРЕКЕ КҮНІ

Приморск ауылындағы Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Михайлович Бастаногов үшін 23 ақпан – әрдайым ерекше күн болған. Өйткені, КСРО тұсында жыл сайын мерекеленетін Кеңес Әскері мен Әскери – теңіз флоты мейрамы оның туған күнімен тұспа – тұс аталып өтетін. Ал биыл, ардагер үшін қос мереке тіптен де ерекше – ол 90 жасқа толып отыр.



Мерейтой иесін құттықтауға аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразхан Тұрысбаев, қорғаныс істері бөлімінің бастығы Қуаныш Мусапилов, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бидахмет Қалиахметов барды.

Жасы тоқсаннан асса да, Иван Михайлович әлі де тың, ойы ширақ, сұхбаттастарымен әңгімесі де мазмұнды. Бізді аулада қарсы алып, мерейтой құрметіне жайылған дастархан басына шақырды.

-Аға ұрпақ өкілдері, біздің замандастарымыз ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа риза, ол бізді назардан тыс қалдырмай, үнемі қамқорлық көрсетіп отырады, - дейді ол. – Аудандық билікке де рахмет айтамыз. Мысалы, осыдан бір ай бұрын мен тамыздық отын қажет деп, жүгінген едім. Аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсов бірден тиісті азаматтарға тапсырма берді, маған жарылған, бір машина құрғақ қайың әкеліп берді.

Аудандық газеттің қаңтар айындағы сандарының бірінде хабарлағандай, И.М.Бастаногов Медведка ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Қиыр Шығыста соғысады. Госпитальға түсіп, Нижний Тагилде емделеді. Екінші топтың мүгедегі, Ұлы Отан соғысының орденімен, көптеген мерейтойлық медальдармен, «Георгий Жуков» медалімен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдарда «Красный Алтай» ұжымшарында еңбек еткен. 1955 жылдан бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін 18 жыл бойы Медведка орманшылығында орманшы және осы шаруашылықта 14 жыл бойы омарташы болды. Өзінен тек бір жас ғана кіші зайыбы Ульяна Ивановнамен жетпіс жыл бойы өмір сүруде.

Аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсов И.Бастаноговқа естелік сыйлықтар және дабыл беретін арнайы кнопкасы бар телефон сыйлады. Осы байланыс құралы арқылы жедел жәрдем қызметіндегі диспетчерлермен жедел байланысуға болады. Айта кетерлік жайт, республикалық акцияға сәйкес, мұндай телефондар аудан аумағында тұратын барлық 14 соғыс ардагеріне таратылып берілді.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

■ Үн қату

Дұрыс шешім

Елімізде іске асырылып жатқан кез-келген саяси бастамалар мен шешімдердің қайсысына болмасын, біз сияқты аға буын өкілдері немқұрайлы қарап отыра алмайды. Солардың қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің ағымдағы жылы мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы бастамасы да назардан тыс қалған жоқ.

Облыс әкімінің Катонқарағай ауданы бойынша қоғамдық көмекшісі болғандықтан, маған көп жағдайда басқа адамдармен жиі әңгімелесуге, елімізде орын алып жатқан айшықты саяси оқиғаларға байланысты айтылған қоғамдық пікірлерді зерттеп және оларға талдау жасауға тура келеді. Бір қуантарлығы, ел Президентінің Парламент пен Үкімет алдында сөйлеген сөздерінде, Қазақстан халқына арнаған үндеулерінде айтқан, қарапайым қазақстандықтардың өмірін жақсартуға бағытталған міндеттерге менің жерлестерім-катонқарағайлықтар да бірауыздан қолдау көрсетіп отыр. Бұл жолы осындай түсінушілік

пен қолдау Қазақстан халқы Ассамблеясының көтерген бастамасына, сосын «Нұр Отан» партиясының саяси кеңесінің шешіміне толықтай қолдау көрсетілді.

Әлем экономикасында өріс алып бара жатқан дағдарыс кезеңінде алдын-ала мемлекет Басшысының сайлауын өткізу туралы ұсыныс – байсалдылықпен ойлана отырып, аталмыш шараны өткізуге келісімін беру туралы шешімді қабылдауда Президентімізден саяси кемелділікті, күш-жігер мен қайраттылықты талап етеді. Бұл қасиеттер Елбасының бойында жетерлік. Бүкіл қазақстандықтардың Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдайтынына сенімдімін. Себебі, тек оның ғана есімімен олар еліміздегі берекені, бейбітшілікті және сенімділікті байланыстырады.

Федор Тұмарбаев,
ауданның Құрметті азаматы,
облыс әкімінің қоғамдық көмекшісі.

Сұхбат

СҮТ ТАПСЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРАЙЫҚ

Облыс әкімі Д.К. Ахметов 2014 жылғы 17 желтоқсанда шаруа қожалықтары мен тұрғындардың жеке шаруашылықтарында өндірген сүтті жинап, өңдеу кәсіпорындарына өткізуді ұйымдастыру бойынша аудан әкімдеріне тапсырма берген болатын. Бұл жұмыс ауданда қалай ұйымдастырылмақ? Тұрғындардың әл-ауқатын көтеруде маңызы зор осы жұмысты ұйымдастыруда жергілікті атқарушы органдарының, жеке кәсіпкерлердің алдарында қандай мақсаттар тұр? Осы мәселелер төңірегінде аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Р.Қ. Байгереевпен сұхбаттасқан едік.

-Жекелеген елдімекендерді есепке алмасақ, тұрғындардың жеке шаруашылықтарында өндірілген сүт облыс аумағында 20 жылдан астам жиналмай келгені рас.

Ауданда тұрғындарға қажетті мөлшерден 8 есеге жуық артық сүт жылына өндіріліп отырғанымызға қарамастан, шет елдерде өндірілген, сапасы күмән тудыратын, қымбат бағалы сүттің біздің ауданның дүкендерін «жаулап» алғаны баршамызға мәлім.

Аудан әкімі өзінің тұрғындармен өткізген кездесулерінде сүтті жинап, оны сүт өңдеу кәсіпорындарына өткізудің жеке шаруашылықтар үшін үлкен пайда әкелетіндігіне үнемі назар аударып, «сауын сиырды төлем көртішкесіне айландырып алуларыңыз керек» деген болатын. Сондықтан, сүт жинауды қосымша жұмыс орындарын ашудың, тұрғындардың әл-ауқатын көтерудің, халықты сапалы сүт өнімдерімен қамтамасыз етудің көзі деп қарауымыз қажет.

Аудан жұртшылығы мен шаруа қожалықтарында өндірілген сүтті жинауға «Шығыс ЖСМ» ЖШС-і (Үлкен Нарын май зауыты) Катонқарағай, Өрел, Алтын-бел және Барлық ауылдарында 4 салқындатқыш танкерлер орналастырып, сүт жинау пункттерін құруды жоспарлап отыр.

Сүт тапсырудан тұр-

ғындар айтарлықтай қаражат таба алады. Мәселен, сүттің литрін 50 теңгеден сата отырып, орташа өнім беретін сиырдан жылына 100 мың теңге мөлшерінде қаржы алуға болады.

Егер жан-жақты ойластырып, дұрыс ұйымдастыра білсе, сүт жинау кәсіпкерлер үшін де табысты жұмыс. Ресейдің небәрі 18 мың халқы бар Краснощеков ауданына (Алтай өлкесі) тәжірибе алмасуға барған Шығыс Қазақстан облысының делегациясы онда сүт жинап, тапсыруды бизнестің бір түріне айналғанын көріп келді. Аталған ауданда жаз айларында күніне 100 тонна, қыс айларында 50 тонна сүт жиналады екен. Көше-көшелерді, ауыл-қыстақтарды белгілі бір кәсіпкерлер бөліп алып, онда өндірілген сүтті ат-арба, жеңіл автокөлікпен жинап, үстеме бағамен сүт өңдеу кәсіпорындарына күніне 2 рет тапсырып отыратын көрінеді.

-Сүт жинауды ұйымдастырудағы ең өзекті мәселе - оның жинау бағасын анықтау - Қазіргі кезде ауыл тұрғындары сүттің литрін 70 -100 теңге мөлшерінде дүкендерге, ауылдастарына өткізіп отыр. «Шығыс ЖСМ» ЖШС-і сүтті қандай бағамен алмақшы?

- Аудан ішінде сүт зауытына дейінгі ара-қашықтыққа, сүттің көлеміне, сапасы-

на байланысты әртүрлі бағалар қалыптасуы мүмкін. Алайда, жергілікті жерлерде әрбір мал өніміне тән нарықтық бағалар қалыптасады.

Ресейдің жоғарыда айтылған ауданында сүтті тұрғындардан 18 рубльден (54 теңге мөлшерінде) қабылдап отыр. Кілегейді пісіп, қолдан жасалған майдың kilosын бізде, ауданда 800-1000 теңге мөлшерінде сатып отыр. Осындай тәсілмен майдың килограммын алу үшін шамамен 20-22 литр сүт қажет болса, өнімнің нарықтағы бағасы 50-55 теңгені құрайды. Сүт жинау қарсаңында оны өндірушілер мен жинаушылар арасында келісім-шарт жасалып, сүттің бағасын, есептесу мерзімдерін белгілеу қажет.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес, сүт өндірушілерге өнімді ветеринарлық зертхананың тексеруінсіз мектептерге, балабақшаларға, емдеу мекемелеріне өткізуге тиым салынған. Алдағы уақытта осы талаптардың орындалуы да қатаң қадағаланып отырады.

-Сүттің көлемін ұлғайту үшін селекциялық жұмыстарды жүргізе отырып, мал тұқымын асылдандырудың маңызы зор екенін білеміз. Тұрғындар асыл тұқымды бұқаларды сатып алса, мемлекет тарапынан қандай көмектер болады? Облыста сүтті

бағыттағы асыл тұқымды ірі-қара малдарын ұстап отырған шаруашылықтар бар ма?

- Биылғы жылда мал шаруашылықтарын субсидиялау бойынша ережелер әлі қабылданған жоқ. Алайда, ауыл шаруашылығы Министрінің айтуынша ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік қолдау үстіміздегі жылы да жалғасатын болады. Өткен жылы ет, сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі-қара малын сатып алған шаруашылықтарға, оның әр басына 154 мың теңгеден субсидия төленген болатын.

Сүтті бағыттағы симментал тұқымды ірі-қара малдары Зырян ауданының «Средигорненское» ЖШС, Шемонайха ауданының «Камышинское» ЖШС, Бородулиха ауданының «Зайтенов» ШҚ, Ұлан ауданының «Багратион-2» ШҚ, ал гольштейн, немістің қара-ала тұқымды ірі - қараларды Глубокое ауданының «ОХМК» ЖШС, Шемонайха ауданының «Выдриха» шаруа қожалықтарында өсіріледі. Шаруашылықтардың мекеңжайлары, байланыс телефондарын ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінен алуға болады.

Сұхбатты жүргізген:
Жомарт Жақыпов.



ҚАДЫЛБЕК АҚСАҚАЛ ҚИЫР ШЫҒЫСҚА ДЕЙІН БАРДЫ

Қадылбек ақсақал бүгін тынышып ұйықтай алмады. Теледидар көріп, газеттерді шолып кеш жатса да уақ-уақ тұрып, сағатқа қарай береді. Ол асыққанмен, уақыт асығар емес. Төсегінің тұсындағы столға әкеліп қойған сағат тілі баяу жылжиды. Дала әлі тастай қараңғы. Ақпан айының қою түні ауылды бауырына басып жатыр. Осыдан екі-үш күн бұрын қызы Маржан мен күйеу баласы Қадыржанның әңгімелерінен Мейірдің демалыс алып ауылға келетінін естіген. Содан бері тынышы мүлдем кетті. Өткен жылы бір топ жолдастарымен келіп, қырық күн бойы үйде болып, аунап-қунап кетсе де жиен немереге деген сағынын сезімін кеміткен емес. Сағат тілдері әрең жылжып келіп, бес пен он екіні мезегенде ақсақал орнынан тұрып кетті. Сыртқа шығып, қайтар бетте залға кіріп, кітап сөресінде тұрған үлкен портрет суретке үңілді. Онда ұшқыш белгісі бар мерекелік әскери форма киген, ат жақты, бүркіт қабақ бір жас офицер жігіт отыр. «Қыраным, осындай батыл азамат болатыныңды сәби кезіңнен-ақ жүрегім сезген. Аман жүр!». Көтеріп жүрген жүгің де, мойныға алған міндетің де ауыр. Ер жігітке Отаннан қымбат жоқ. Бүгін нағыз азамат болып әскери әуе кемесімен көк жүзін шарлап, егеменді еліңнің, сүйікті Қазақстанның тыныштығын күзетудесің. Соғыста мен осы бейбіт өмір үшін оққа барсам, сен біздің еліміз үшін аса қымбатқа түскен Ұлы Жеңістің жемісін қорғап жүрсін. Маған бұдан асқан мақтаныш жоқ», - деп іштей күбірлеген Қ. Шатанов өзінің өткен өмір жолын еске алды. Ол осы Мейірдің жасында жаумен алысып, Отан үшін от кешіп жүрген.

Жастық шағы тым келте болды

«Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деп Жаратқанға біздің халық босқа жалбарынбаған ғой. Қадылбек Шатановтың сол тілегі қабыл болды. Ақсақал қазіргі күйіне риза. Осы бақытты күндерін жастай қосылған жары Қазиза апамен бірге көрмедім демесе, төрт құбыласы сай. Өз кіндігінен тараған сегіз баланың алтауы аман-есен жүр. Олардан немерелерді ғана емес, шөпшектерді де сүйіп отыр. «Не ексең соны орасың». Елу жылдан астам уақыт бірге отасқан бейбітшесі екеуінің балаларына берген тәрбиесі өз жемісін берді. Өскеменде тұратын үлкен ұлдары Ғабит бастаған Ғабиден, Бейбіт, Гүлжан, Маржан, Қанаттың өздері бір-бір үй болып кетсе де, әкелерінің алдында құрша жорғалайды. Қас-қабағын бағып, алақандарына салып келеді. «Өлгені тіріліп, өшкені жанып» дегендейін, отыншы жылдардың ойранында, қырқыншы жылдардың қырғынында көз жазып қалған туыстары да арғысы Моңғолиядан, бергісі көрші аудандардан табылып, табысып жатыр. Ауылдастары арасында да беделі бар. Үлкен-кішісінің барлығы құрметтеп, «ағалап» тұрады. Жергілікті мектептерде патриоттық тақырыпта өткізіліп тұратын әртүрлі шаралардан қалдырмайды. Ауыл, аудан басшыларының да соғыс және еңбек ардагері Қадылбек Шатановқа деген ықыластары ерекше.

Ал, Қадылбек ақсақалдың жастық шағы тым келте болды. «Байдың отбасы» деп қуғындалып, туған жері Терісайрықтан (бұрынғы Марқакөл ауданының жері) анасы екеуі жаяу-жалпылы қашып келіп, Боранды паналағанда Қадылбек ақсақал балапан мұрты енді-енді ғана тебіндеп келе жатқан бозбала екен. Халқы көп, тіршілік бар жаңа қоныстарында ұжымшар (колхоз) жұмысына араласып, естерін енді жинай бастағанда неміс басқыншылары опасыздықпен бейбіт жатқан елімізге тап беріп, Ұлы Отан соғысы басталады. Он жетіге енді ғана толған Қадылбек аға да Отан қорғаушылардың тізіміне ілінеді. 1941 жылдың қыркүйек айында ол 79-шы атты әскер корпусына тап болып, облысымыздың орталығында үш ай соғыс өнеріне жаттығады. Бұдан кейін Қ. Шатанов өз тобымен алғашқы әскери тапсырманы орындау үшін Мамай қорғанына жол тартады. Мұнда оларға жау тұтқындарын Бибибжанға дейін күзетіп апару міндеті жүктеледі. Осы қалада әскери ант қабылдап, солдат киімін киеді. Қиыр Шығыстағы 83-ші армияның 264-дивизиясының сапында Лесозаводск, Хабаровск, Владивосток, Сахалинск тағы басқа қалалардың маңында еліміздің шығысындағы шекарамызды фашистік Германия тізе бүккенше күзетеді. Қызыл Армия батысты тыныштандырып, қаруын



Германияның одақтасы болған Жапонияға қарай бұрғанда шығыстағы шекарамыздың күзетінде тұрған әскери құрамалар соғыс жағдайына келтіріледі.

-Батыста еліміз Жеңіс тойын тойлап жатқанда біз ұрысқа дайындалып жаттық, - деп еске алады қарт майдангер.

-Ол кезде мен кіші командирлерді даярлайтын алты айлық курстан өткен рота старшинасы едім. Менің жанымда әскери қызметтің бастан аяғына дейін өрелдік Кенжебай Қатшыбаев болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын ол марқұм болып кетті. Иман-ды болсын, өте жақсы адам еді. Соғыстың бас кезінде жапондықтардың күші бізден қай жағынан болсын басым екендігі байқалып тұрды. Амур өзенінің жағасында тұрғанымызда жапон солдаттары арғы жағалаудан бізге оқ атып, мазақ қылатын. Қаңғыған оқтан біраз жауынгерлеріміз де мерт болды. Бірақ бізге оларға қарумен жауап беруге рұхсат етілмеді. Жаудың барлық қылықтарына сабырлықпен, салқын қандылықпен қарап, өз бетімізбен ешқандай да әрекет жасамадық. Төрт жыл бойы күткен күн келгенде жапондықтарға бізге көрсеткен қорлықтарының есесін қайтардық. Харбинде біздің әскерлер шабуылға шыққанда жапонның бір де бір ұшағы аспанға көтеріліп үлгермеді. Кейіннен әдебиеттерден оқып білсем, сол кезде біздің армияға жаудың 80-дей дивизиясы қарсы тұрыпты.

Шаруашылық басқарып, құрметке бөленді

«Қырық жыл қырғын болса да ажал-ды өледі». Өзінің сүйсіңділігінің арқасында Қадылбек Шатанов ағамыз 1947 жылы майдан даласынан төрт мүшесі сау елге оралды. Елге демекші, ол Марқакөлге емес Катонқарағайға нағашы жұртын жағалап келді. Өйткені, туып-өскен жерінде туған-туысқандарынан ешкім де қалмапты. Мұнда келе салысымен, еңбекке араласып, Шыңғыстай орта мектебінде дене шынықтыру мен алғашқы әскери дайындық пәндерінен балаларға 17 жыл сабақ берді. Бұл қызметтен бәлім өз бетімен кетпес те еді, егер оны аудандық партия комитеті басқа жұмысқа жұмсамаса.

-Қай ісіммен ұнағанымды білмеймін, - дейді Қадылбек ағамыз өткен күндеріне көз жіберіп. - Бір күні «аупарткомның бірінші хатшысы Шарабарин шақыртып жатыр» деген хабар алып, ойымда ешнәрсе жоқ, дереу Катонқарағайға жеттім. Өзі қабылдады. Қызметімді, үй-жайымды сұрай отыра:

-Колхоздар жақсы дамымай жатыр, басшы кадрлар жетіспейді. Сондықтан біз өзіңіз сияқты өмірді көрген, тәжірибелі азаматтарды өндіріске тартпаңыз, - деп Топқайыңға баруға ұсыныс жасады. Әскерде жүргенде партия қатарына өткенмін, бас тарта алмадым.

Топқайыңда сол жылдарда ұжымшарда Шанақ Ауғанбаев басқаратын. Ол өзі ел басқаруға да шебер, өнерге де бейім, әрі палуан бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы адам болатын. Құрылысшылар бригадасына бригадир болып келген Қадылбек ағаның туралығы, маңайындағылармен тез тіл табысып кететіндігі, іскерлігі, тәртіптілігі сүйетіндігі оған да ұнады. Екеуі тізе қоса отырып, пилорама орнатып, таудан іс ағаштарын даярлап жергілікті материалдармен малшы қыстақтарында, ауылда көптеп құрылыс жүргізді. Үш жылдан кейі Қ. Шатановты басшылар кері шақырып алып, аудандағы ең үлкен қойлы бөлімше-Шыңғыстайға мал шаруашылығын басқаруға жібереді. Мұнда да ол басшылық өнерімен, ақжарқын пейілімен, жоғары адамгершілігімен көпке жағып, құрметке бөленеді. 1984 жылдан бері майдангер аға құрметті еңбек демалысында, баянды, бақытты өмір кешуде.

**Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.**



1 наурыз - Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЯР

Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні 1992 жылы Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) шешімі бойынша жарияланды. 1972 жылғы наурыздың 1-і ХАҚҰ жарғысы күшіне енді, мұны 18 мемлекет мақұлдады.

Бұл мейрам азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша қоғамның назарын аударуға бейімделген. Сондай-ақ, қорғанудың тәсілдері мен амалдары туралы халық арасында көпшілікке тарату және насихаттау мақсатында өткізіледі.

ХАҚҰ – іс жүзінде халықаралық деңгейде азаматтарды қорғау мәселесі Жарлықпен жүктелген әлемдегі жалғыз ұйым. Бүгінгі күнде оның негізгі құрамына 50 ел енеді және тағы 20 – қараушылар ретінде, ал ұйымның өзінің үкіметаралық мәртебесі бар. Қазақстан бұл ұйымның толық құқықты мүшесі болып табылады және ол өткізетін барлық шараларға қатысады.

Азаматтық қорғаудың халықаралық эмблемасы қызғылт сары алаңда көгілдір тең қабырғалы үшбұрыш. Ол құрамды және азаматтық қорғаныс объектілерді белгілеу үшін арналған. Бұл эмблеманы қазіргі кезде көп елдердің ұлттық қызметтері пайдаланады. Бұл белгіні Қазақстан Республикасының ТЖК ресми нышанында көруіңізге болады.

Азаматтық қорғау – халықты қорғау және дайындау, материалдық және мәдени құндылықтарды қауіпсіздіктерден сақтау бойынша шаралар кешені. Тек қана соғыс іс-қимылдары ғана емес бейбітшілік кездерде де техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдай болған жағдайларда.

Азаматтық қорғау құрылған кезде негізгі стратегиялық міндеттерін орындады: халықты және өнеркәсіптерді әртүрлі қауіп-қатерлерден қорғады – бұл авиацияның ұшуы және көпшілік қару-жарақтан зардап шеккендер.

Бүгінгі күнде азаматтық қорғау міндеттеріне сондай-ақ, бейбітшілік кезде қауіптерден қорғау кіреді – жер сілкінісі, су тасқыны, апаттар мен катастрофалар. Соңғы жылдарда халықаралық лаңкестік қаупі маңызды болып келеді. Бұл жағдайларда Азаматтық қорғау функциялары маңызды болып қала береді, ал кейбір бағыттар бойынша үлкен маңыздылыққа ие.

Катонқарағай ауданы әкімінің 2 қараша 2012 жылғы № 23 шешімімен ауданда 23 азаматтық қорғаныс құрылым және 11 азаматтық қорғаныс қызметі құрылды.

Жыл сайын бекітілген жоспарға сәйкес азаматтық қорғаныс құрылымдарымен командалық-штабтық жаттығулар өткізіледі. Әр түрлі төтенше жағдайларды жою жоспары құрастырылған.



17.02.2015 жылғы №66 аудан әкімінің шешімімен «2015 жылғы су тасқыны кезеңіне» арналған жоспар бекітілді.

Шығыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің 2015 жылға арналған Жоспарына сәйкес, 2015 жылғы 3 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының басшылық жасауымен «Басқару органдарының, қалалардың, аудандардың төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияларының, апаттық-құтқару күштерінің көктемдегі ТЖ іс-қимылдары» деген тақырыпқа төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесі облыстық аумақтық кіші жүйесінің басқару органдарымен штабтық жаттығу өткізіледі.

1. Штабтық жаттығу барысында жоспарланады:

1) қысқы кезеңнің төтенше жағдайлар қаупі туғанда және ол орын алғандағы іс-қимылдың жоспарларын пысықтау;

2) жергілікті атқарушы органдардың, төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың, АҚ қызметтерінің, ШҚО ТЖД аумақтық органдарының қатты аяздар, борандар мен бұрқасындар жағдайындағы іс-қимылға әзірлігін бағалау;

3) қатты аяздар, борандар мен бұрқасындар жағдайында төтенше жағдайлар қаупі туып, олар орын алған кезде облыс қалалары мен аудандарының күштері мен құралдарын іске қосу мәселелерін пысықтау;

4) құлақтандыру мен байланыс жүйесінің әзірлігін, материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа қорлар мен ресурстардың болуын, күш пен құралдарды басқаруды ұйымдастыруды, барлық деңгейдегі жедел кезекшіліктің болуын тексеру.

Біздің аудан бойынша берілген оқу-жаттығу тапсырмасы: «Ақсу ауылының «Иван» тауынан қарлы су массасы түсіп, Жаңа Өлке көшесінде орналасқан үйлерді су басты».

Жүктелген тапсырманы аудандық азаматтық қорғаныс қызметтері дер уақытында толыққанды орындап, апаттық құтқару жұмыстарына «Дайын» деген қорытынды берілді.

**Саян Жеңісқанов,
аудандық ТЖБ бастығы,
өртке қарсы қызмет подполковнигі.**

Катонқарағай ауданы әкімдігінің 16 қаңтар 2015 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы №18 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5) тармақшасының, 20-бабының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 6, 7, 8, 18-тармақтарының негізінде, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында және жұмысқа орналасуда қиыншылық көретін халықтың әртүрлі топтарын қолдау үшін, Катонқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2015 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. 2015 жылы қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың қоса беріліп отырған тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және

Мемлекеттік тіркеу нормативтік - құқықтық актілері Реестрінде 2015 жылдың 11 ақпанында 3680 нөмірімен тіркелген.

2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары

Ұйымдар аты	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыстар көлемі	Сұраныс (жарияланған қажеттілік)	Ұсыныс (бекітілген)	«Катонқарағай ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу.	айына 200-300 құжат	2	2
«Катонқарағай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, гүл отырғызу және гүлзар суару	аптасына 200 шаршы метр	1	1	«Катонқарағай ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Үй-жайларды жинастыру	күніне 70 шаршы метр	2	2
«Үлкен Нарын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу; Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 120000 шаршы метр; айына 3000 тал; айына 50 тонна; айына 1000 дана; 40 үй; 2 текше метрден.	64	64	«Катонқарағай ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу, құжаттарды жеткізу.	айына 200 құжат; күніне 3-5 құжат	2	2
«Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 26000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; айына 2300 дана; 10 үй; 2 текше метрден.	14	14	«Катонқарағай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу, құжаттарды жеткізу.	айына 200 құжат; күніне 3-5 құжат	2	2
«Солоновка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 26000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; айына 2200 дана; 10 үй; 2 текше метрден.	12	12	«Катонқарағай ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу, құжаттарды жеткізу.	айына 200 құжат, күніне 3-5 құжат	2	2
«Алтынбел ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу, қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 27000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; 10 үй; 2 текше метрден.	15	15	«Катонқарағай ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмыстарға көмектесу.	айына 200 құжат	2	2
«Новополяковка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 26000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; айына 360 дана; 10 үй; 2 текше метрден.	13	13	«Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Тіркеу жұмыстарына көмектесу, шақыру қағазын тарату, мұрағаттық құжаттарды реттеу және тігу.	аптасына 70 хабарлама; айына 400 құжат.	2	2
«Солдатово ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 14000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 7 тонна; 5 үй; 2 текше метрден	7	7	«Катонқарағай ауданының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Аумақты жинастыру.	аптасына 400 шаршы метр	1	1
«Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 64000 шаршы метр; айына 2000 тал; айына 50 тонна; айына 540 дана; 20 үй; 2 текше метрден;	33	33	«Катонқарағай ауданының статистика басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Үй-жайларды жинастыру, құжаттарды жеткізу.	күніне 50 шаршы метр; күніне 3-5 құжат	2	2
«Коробиха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 26000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; айына 130 дана; 5 үй; 2 текше метрден	11	11	«Шығыс Қазақстан облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Катонқарағай ауданының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу.	айына 200-300 құжат	2	2
«Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 14000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 8 тонна; айына 630 дана; 5 үй; 2 текше метрден	8	8	«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Катонқарағай аудандық әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу.	айына 200-300 құжат	4	4
«Белқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 26000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; айына 2500 дана; 10 үй; 2 текше метрден.	10	10	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің сот актілерін орындау бойынша Үлкен Нарын аумақтық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Құжаттар мен хабарламаларды тасымалдау, үй-жайларды жинастыру, ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу.	күніне 15-20 құжат; күніне 90 шаршы метр; аптасына 30-40 құжат.	4	4
«Аққайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 26000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 10 тонна; айына 3200 дана; 6 үй; 2 текше метрден.	11	11	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің сот актілерін орындау бойынша Үлкен Нарын аумақтық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Құжаттар мен хабарламаларды тасымалдау; ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу.	күніне 10-15 құжат, күніне 15-20 құжат	2	2
«Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару, пошталық хат-хабарларды жеткізуге көмектесу. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 14000 шаршы метр; айына 200 тал; айына 9 тонна; айына 540 дана; 5 үй; 2 текше метрден	8	8					
«Өрел ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинастыру, көшеттерді отырғызу және суару, қоқыстарды тиеп шығару. Жалғыз басты қарт адамдарға және мүгедектерге үй шаруашылығына көмектесу: қардан аула тазарту, отын жару.	аптасына 14000 шаршы метр; айына 7 тонна; айына 200 тал; 5 үй, 2 текше метрден	8	8					
«Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағаттық құжаттармен жұмысқа көмектесу.	айына 200-300 құжат	2	2					

Ж.Тыныбеков,
Катонқарағай ауданы әкімінің
міндетін атқарушы.

(Соңы. Басы 3-бетте.)

2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары

«Катонқарағай ауданының соты» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Хат-хабарларды тасымалдау, сотқа шақыру қағаздарын тасымалдау.	жылына-100 хабарлама; жылына 300 сотқа шақыру қағазы.	4	4	«Катонқарағай ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу, хат-хабарларды жеткізу.	айына 200-300 құжат; күніне -3-5 құжат	4	4
«Шығыс Қазақстан облысы бойынша салық басқармасының Катонқарағай ауданы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша)	Хабарламаларды жеткізу, ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу.	аптасына 60-120 құжат; айына 60 құжат	2	2	«Катонқарағай ауданының зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» (келісімі бойынша)	Ағымдағы және мұрағат құжаттармен жұмысқа көмектесу.	айына 200 құжат	2	2
Барлығы:							260	260	

Қаржыландыру көзі: Катонқарағай ауданының бюджеті.

Қоғамдық жұмыстардың нақты талаптары:
Жұмыс аптасының ұзақтығы екі демалыс күнімен 5 күнді құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, еңбекақы төлеу, зейнетақы және әлеуметтік аударымдары, қолданылмаған еңбек демалысына өтемақы жүргізу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі, орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақытына жұмыссыздардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, саймандар мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зиянның орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен жүргізіледі. Жұмыскерлердің жеке санаттары (әйелдер және отбасылық міндеттері бар басқа тұлғалар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған тұлғалар) үшін қоғамдық жұмыстардың талаптары тиісті санатқа еңбек талаптарының ерекшелігін ескере отырып белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің және жұмыскердің арасында жасалған еңбек шарттарымен қарастырылады.

Аяулы Жас келіндер

«Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері,
Көл дария секілді пейілдері.
Бір шаңырақ келінсіз көтерілмей,
Бір кереге келінсіз керілмеді,- деп әнге арқау болған келін қазақ ұғымында әр үйдегі ырыстың ұйтқысы. Отбасындағы жылы қарым- қатынас келін мен ененің ынтымағынан басталады. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген ұлылыққа сүйенген ата-бабаларымыз өмірге ұрпақ әкелетін келін тәрбиесін де назардан тыс қалдырмаған. Қазақтың әдет-ғұрпын, жөн-жоралғысын жаңғырту, ұлттық және адами құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында Ақсу ауылының Мәдениет үйінде «Аяулы жас келіндер» атты сайыс өткізілді. Сайыстың қатысушылары Байғазановтар әулетінің келіні Ш.Нұрмұхамбетова, Мұсатаевтар әулетінің келіні Г.Төлемісова, Серіковтар әулетінің келіні М.Серікова, Мағзұмовтар әулетінің келіні Ж.Махмұтова «Өзін-өзі таныстыру», «Өнер- өмір азығы», «Шеберлікке шек жоқ», «Білім- тау-сылмас қазына», «Сүйіктімнің сүйген асы», «Кім жылдам?» деген бөлімдер бойынша өз өнерлерін сынады. Қазақтың ұлттық киімі бойларына жарасқан, имене басып, иіле сәлем салған келіндер ішінен Ш. Нұрмұхамбетова мен Ж. Махмұтова «Таныстыру» кезеңінен–ақ суырыла алға шықты. Қуанғанның жолдасы, мұңайғанның сырласындай болған әуенді ән орындау шеберлігін Г.Төлемісова көрсетсе, қазақтың би өнерін М. Серікова паш етті. Жас келіндердің өз қолдарымен жасаған бұйымдар көрмесі де ұлтымыздың қолөнер деңгейінің жоғарылығын байқатты. Халқымыздың «Сүйіндір», «Жиенқұрық», «Абысын асы», «Босаға майлау» деген ырым- жоралғылары туралы мәлімет берген келіндеріміз: «Мағынасыз жылтырақты сақтамайды ел еске, Шын сұлулық тереңдікте емес пе?– деп

Гүлшахарат Раимжанова, Ақсу орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Еске алу

Солдатово ауылының тұрғыны **Қырықбаева Үмітхан Бисолтанқызының** қайтыс болғанына 4 ақпанда бір жыл толуына байланысты сағына еске аламыз. Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, қабірі нұрлы болсын.

Әлпештеумен ер жеткізген баласын,
Жанымызда мәңгі өшпестей қаласың.
Топырағың торқа болып жәннатта,
Бізді қорғап, қоршап жатқай, Анашым!

Еске алушылар: жұбайы, сіңлісі, балалары, немерелері.

БЖСМ ұжымы осы мекеменің Солоновка ауылындағы филиалының жаттықтырушысы **Челекенов Ғабит Құмарқанұлына** қызы **Құмарқанова Құралай Ғабитқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Солоновка орта мектебі» КММ ұжымы осы мектептің мұғалімдері **Челекенов Ғабит Құмарқанұлына** және **Жанчуринова Мәриамгүл Құмарқанқызына** қыздары және жиендері **Құмарқанова Құралай Ғабитқызының** мезгілсіз дүние салуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Директор-редактор Жомарт Жақыпов	Құрылтайшы: ШҚО Қаржы басқармасы. Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет “Шығыс - Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерлік беттеу операторы: Жанар Қасымханова Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5706 тапсырыс.